



"Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкі арасындағы "Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау" жобасының екінші кезеңін дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 наурыздағы N 273 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкі арасындағы "Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау" жобасының екінші кезеңін дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкі арасындағы "Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау" жобасының екінші кезеңін дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатты бекіту туралы

2003 жылғы 27 қарашада Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкі арасындағы "Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау" жобасының екінші кезеңін дайындауға грант бөлу туралы келісім-хат бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Ресми емес аударма

Дүниежүзілік Банк	1818 Н Street N.W.	(202)477-1234
Халықаралық Қайта	Washington, D.C.	Кабельдік мекен-жайы:
Жаңарту және Даму	20433 USA	INTBAFRAD
Банкі Халықаралық		Кабельдік мекен-жайы:
Даму Қауымдастығы	INDEVAS	

2003 жылғы 16 қыркүйек

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

А с т а н а

4 7 3 0 0 0

А б а й к ө ш е с і , 4 9
Премьер - Министрдің
орынбасары - Ауыл
шаруашылығы министрі
А.С. Есімов мырзаға

Құрметті Есімов мырза

Тақырыбы: Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау жобасының екінші кезеңін дайындауға Қазақстан Республикасы үшін Жапония Үкіметінің гранты
TF051894 гранты

Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің (Банк) атынан және Жапония Үкіметі беретін гранттардың әкімшісі ретінде осымен Қазақстан Республикасына (Алушы) алты жүз сексен мың елу АҚШ долларынан (680050) аспайтын мөлшерде грант (Грант) бөлуге біздің келісетіндігімізді білдіреміз.

Грант қаржылай көмек беру туралы Алушының сұрауына жауап ретінде, сондай-ақ осы Келісім-Хатқа Қосымшаның ережелері мен шарттарының мақсаттары үшін және соларға сәйкес беріледі. Өзінің келісімін одан әрі растай отырып, Алушы келісім жасасуға және Грант қаражатын жоғарыда көрсетілген мақсаттарға және шарттарда алуға өзінің уәкілетті екендігін мәлімдейді.

Банктің саясатына сәйкес осы Келісім-Хат және осы мәселе жөніндегі кез келген ақпарат осы Келісім-Хат күшіне енгеннен және ақпаратты ашуға Алушының тарапынан келісім алынғаннан кейін жариялануға тиіс екендігіне Сіздің назар аударуыңызды сұраймыз. Осы Келісім-хатқа қол қоя отырып, Алушы мұндай жариялауға өзінің келісімін береді.

Келісім-Хаттың қоса беріліп отырған данасын өзіңіздің қолыңызды қойып, күнін көрсетіп және Банкке қайтара отырып, Алушының атынан жоғарыда айтылғанмен Өзіңіздің келісіміңізді растауыңызды сұраймын. Осы Келісім-Хат Банк (1) Сіздің қолыңыз қойылған Келісім-Хаттың көшірмесін алғаны және (2) Банкті қанағаттандыратын, Келісім-Хат тиісті түрде санкцияланғаны немесе бекітілгені, Алушының атынан қол қойылғаны және жеткізілгені және Келісім-Хаттың шарттарына сәйкес Алушыға заң жүзінде міндетті болып табылатыны туралы дәлелдейтін растамаларды қабылданғаны туралы Банк Алушыға хабарлама жолдаған күннен бастап күшіне енеді.

Шынайы құрметпен,

Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкі
а т ы н а н

Д е н н и с

д е

Т р е й

Д и р е к т о р

Орталық Азиядағы

Өңірлік

өкілдігі,

Еуропа және Орталық Азия өңірі

К е л і с і л г е н

Қазақстан Республикасы

Қ о л ы

А т ы

Л а у а з ы м ы

Күні

Қосымша

Грантты берудің мақсаттары, мерзімдері мен шарттары

1. Мақсаттары және іс-шаралар

1.1. Гранттың мақсаты ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау жобасының екінші кезеңін (АШЖҚ ІІ) дайындауда көмек көрсету болып табылады, оның негізгі міндеттері: (а) ауылдағы қаржылық рыноктарды одан әрі дамыту және ауылдағы шағын және орта бизнестің коммерциялық қаржылық қызметтер көрсетуге қол жеткізу мүмкіндігін кеңейту; (ә) банктік қызметтер көрсетуге қол жеткізе алмайтын ауылдағы халықтың ең кедей топтарына қаржылық қызметтер көрсетуді ұсынатын шағын қаржыландырудың ауылдағы тұрақты схемаларын қолдау; (б) ауылға кредит беруге арналған заңнамалық және институционалдық базаны жақсарту; және (в) ауылда консультациялық қызметтер көрсетуді дамыту үшін институционалдық мүмкіндіктер жасау (Жоба). Грант берілетін іс-шаралар (Іс-шаралар) төменде келтірілген:

(а) (1) І кезең уақытында белгіленген ауылдық кредиттерді мақұлдау рәсімдерін жеңілдету және қарыздарды мақұлдау жөніндегі қайта қаралған басшылықты дайындау, (2) жобаның фокусы шағын кәсіпорындарға қайта бағытталғанын назарға ала отырып Қатысушы Қаржы Мекемелері (ҚҚМ) үшін ауылдық кредит беру жөніндегі қайта қаралған басшылықты дайындау, (3) ауылдық кәсіпорындарға кредит беруді және бар кредиттерді сәйкес фермерлерге, сәтті жұмыс істеуге бағыттауды бағалау мен мониторинг бойынша коммерциялық банктерде жасалған мүмкіндіктерді күшейту, (4) Үкімет пен донорлар қолдау көрсетіп отырған елдегі бар қарыз/кредиттік операцияларды қайта қарау және қарыздарды өңдеу мен мақұлдау процесін жетілдіру бойынша ұсынымдар беру, және (5) ҚҚМ кредиттік штатты оқыту үшін мөлшерлі құны 128 500 АҚШ доллары болатын техникалық көмек беру;

(ә) мөлшерлі құны 223 300 АҚШ доллары болатын: (1) АШЖҚ ІІ жобасының шеңберінде құрылатын кішігірім Ауылдық Шағын қаржыландыру Орталығының (Орталық) дизайнын дайындау, (2) таңдап алынған шағын қаржыландыру мекемелеріне

сенімді нығайту және олардың тұрақтылығын арттыру, (3) Орталықты функциялары мен міндеттерін анықтау, жарғысын, операциялық басшылығын жазу және персоналды оқыту, (4) қаржылық менеджментті, бухгалтерлік және есеп беру дағдыларын күшейту, (5) ауылдық шағын қаржы мекемелерінің мүмкіндіктерін олардың қаржылық тұрақтылығына жету үшін күшейту арқылы шағын қаржыландыру жөніндегі мекемелерді қолдау;

(б) мөлшерлі құны 57 750 АҚШ доллары болатын жобаның ақпараттық және консультациялық құрауышын іске асыру жоспарымен әзірлеу үшін техникалық көмек беру, мүдделі тараптар үшін семинарлар өткізу жолымен халықтың қажеттілігін анықтау, сондай-ақ консультанттар, донорлар және бенефициарлар арасында жақсартылған келісім-шарттық келісімдер жасасу;

(в) мөлшерлі құны 133 800 АҚШ доллары болатын ауылдық кредит беруді жетілдіру және тәуекелді басқару жүйесін енгізу үшін институционалдық және құқықтық реформаларды қоса алғанда, ауылдағы тұрақты қаржы схемасына арналған базаны дамыту;

(г) мыналарды: (1) жобаның әлеуметтік талдауын, (2) экологиялық таңдауды, (3) жобалық құжаттар мен іске асыру жоспарларын дайындауды, (4) гранттың аудитін орындау үшін мөлшерлі құны 126 700 АҚШ доллары болатын техникалық көмек беру.

2. Іске асырудың жалпы мәселелері

2.1. Алушы Ауыл шаруашылығы министрлігі арқылы: (а) Іс-шараларды тиісті қажырлылықпен және тиімділікпен жүзеге асыруы; (ә) осы мақсат үшін талап етілетін қаржыландыруды, жабдықтарды, қызметтер көрсетуді және басқа ресурстарды уақтылы беруі; (б) Банктің негізделген өтініштеріне жауап ретінде Іс-шараларға және Гранттың қаражатын пайдалануға қатысты барлық ақпаратты беруі; (в) Іс-шаралардың прогресі мен нәтижелері туралы Банктің өкілдерімен мезгіл-мезгіл пікір алмасып тұруы; (г) Грантқа қатысы бар мақсатта Қазақстанның аумағына келіп тұруға Банкке мүмкіндіктер беру үшін қажетті шаралар қабылдауы; және д) Гранттың қаражатынан қаржыландырылатын тауарларды және қызметтер көрсетудің тек Жобаның мақсатына ғана пайдаланылуын қамтамасыз етуі тиіс. Алушы, жоғарыда жазылғандармен шектелмей, Банктің өтініші бойынша Іс-шаралар аяқталғаннан кейін қысқа мерзімде Іс-шаралардың нәтижелері мен ықпалдары туралы Банктің талаптарын нысаны мен мазмұны бойынша қанағаттандыратын есепті дайындайтын және Банкке беретін болады.

3. Сатып алу

3.1. Банкпен келісілген айрықша жағдайларды қоспағанда, іс-шараларды орындау үшін талап етілетін Гранттың қаражатынан қаржыландырылатын консультанттардың қызметтер көрсетуін сатып алу осы Қосымшаға 1-толықтырудың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

3.2. Алушы Гранттың қаражатынан қаржыландыруға жататын импортталатын

барлық тауарлар оларды сатып алуға, тасымалдауға және пайдаланылатын орынға жеткізуге немесе орнатуға байланысты қатерлерден сақтандырылуы және мұндай тауарларды ауыстыруды немесе жөндеуді қамтамасыз ету мақсатында тиісті сақтандыру өтемінің еркін айырбасталатын валютамен төленуі үшін қажетті шаралар қабылдайды. Алушы Қызметті орындауға байланысты кез келген объектіні пайдалану және оған техникалық қызмет көрсету әрқашан тиісті әдістерді пайдаланып жүзеге асырылуы және мұндай объектілерді кез келген жөндеу немесе жаңарту қажеттігіне қарай жедел жүргізіліп тұруы үшін қажетті шаралар қабылдайды.

4. Гранттың қаражатын шоттан алу

4.1. Гранттың қаражаты Банк өз есебінен Алушының атына ашқан шотқа (Грант шоты) енгізілетін болады, және Гранттың қаражатынан қаржыландырылатын іс-шараларды жүзеге асыру үшін қажетті қызметтер көрсетуге арналған шығыстар үшін, орынды баға бойынша, Алушы осы 4-бөлімнің шарттарына сәйкес одан алуы мүмкін.

4.2. Төмендегі кесте Грант қаражатынан қаржыландыруға арналған шығыстардың Санатын, әрбір санат бойынша Грант қаражатын бөлуді, сондай-ақ әрбір Санатта қаржыландырылатын түрлер бойынша шығыстар пайызын белгілейді:

Шығыстардың санаты	Бөлінетін Грант қаражатының мөлшері	қаржыландырылатын шығыстардан % (АҚШ долларымен)
Аудитті консультанттардың қызметтер көрсетуі	630 800	100 %
Семинарлар	12 750	100 %
Тауарлар	12 500	100 % шетел валютасымен шығыстар, 100% жергілікті валютамен шығыстар (франко-зауыт құны) және 85% ішкі рыноктағы сатып алу шеңберіндегі басқа баптарға жергілікті валютамен шығыстар
Операциялық шығыстар	24 000	85%
Барлығы	680 050	

Осы тармақтың мақсатына арналған терминдер:

а) "Шетел валютасымен шығыстар" Қазақстан Республикасын қоспағанда, кез келген елдің аумағынан жеткізілетін тауарларға немесе қызметтер көрсетуге ақы төлеуге арналған Қазақстан Республикасын қоспағанда, кез келген елдің валютасымен

шығыстарды білдіреді, ал "жергілікті валютамен шығыстар" деген термин шетел валютасымен шығыстар болып табылмайтын кез келген шығыстарды білдіреді, алайда, егер Қазақстан Республикасының валютасы аумағынан тауарлар мен қызметтер көрсету жеткізілетін басқа елдің валютасы болып табылса, осы тауарлар мен қызметтер көрсетуге мұндай валютамен шығыстар шетел валютасымен шығыстар ретінде қ а р а л а т ы н б о л а д ы ;

ә) "Семинарлар" жобаның шеңберінде көрсетілетін консультациялық қызметтер көрсетуге ауыл халқының қажеттілігін анықтау үшін жергілікті атқарушы органдардың , фермерлердің және жергілікті бизнесмендердің қатысуымен мүдделі адамдар өткізетін с е м и н а р л а р д ы б і л д і р е д і ;

б) "Операциялық шығыстар" офис құралдары мен байланысты қоса алғанда, грантты іске асыру және басқару нәтижесінде келтірілген үстеме шығыстарды білдіреді ; сондай-ақ офис керек-жарақтарын қоса алғанда, өз операцияларының алғашқы кезеңінде Орталық шеккен операциялық шығыстар, техникалық көмек пен ақпараттық материалдарды тарату және Банктің келісімін алуға болатын Жобаны дайындауға, басқаруға және мониторингіне тікелей қатысты және басқа мағыналы және қажетті іс-шаралар, дайындау, аудару, жариялау.

4.3. Жоғарыда келтірілген 4.2-тармақтың шарттарына қарамастан:

(а) мыналарға арнап Гранттың шотынан қаражат алуға рұқсат етілмейді: (1) осы Келісім-Хатқа Банк қол қойған күнге дейін жүргізілген шығыстар бойынша төлемдерге ;

(2) Алушы өндіріп алатын немесе Алушының аумағындағы кез келген салықты т ө л е у г е ;

(3) Банктің мүшесі болып табылмайтын кез келген елдің аумағында келтірілген шығыстарға, немесе осы аумақтарда өндірілген тауарларға, немесе олар көрсеткен қызметтерге; немесе (4) жеке немесе заңды тұлғаларға төлеу мақсатымен, Банктің пікірі бойынша егер мұндай төлемдерге Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының VII тарауына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің шешімімен тыйым с а л ы н ғ а н б о л с а ;

(ә) Қаражат 2004 жылдың 30 наурызынан немесе Банктің Алушыға жазбаша хабарлап белгілеген анағұрлым кешірек күнінен (Жабылу күні) кейін, Жабылу күні Банк Жобаны қаржыландыруды мақұлдаған кезде көзделген күннің шегінен шығатын мерзімге ұзартыла алмайтын айрықша жағдайларды қоспағанда, шоттан алынбайды. Солай бола тұра, Жабылу күнінен кейін төрт айдың ішінде Банк тиісті өтінішті алған жағдайда, Жабылу күнінен кейін қаражатты алуға рұқсат етіледі, одан кейін гранттың шотында Грант қаражатының пайдаланылмаған кез-келген сомасы жойылады;

(б) егер Банктің пікірі бойынша, 4.2-тармақтың кестесінде көрсетілген қандай да болмасын бір баптың шеңберінде бөлінген Грант сомасы осы бап бойынша шығыстарды қаржыландыру үшін жеткіліксіз болып шықса, Банк, Алушыға жазбаша

хабар жолдап, Банктің пікірі бойынша басқа шығыстарды қаржыландыру үшін қажет етілмейтін басқа бапқа бөлінген Грант қаражатының сомасын осы бапқа аударуы мүмкін.

4.4. Алушы Грант шотынан белгілі бір сомада қаражат алуды қалағанда, ол осы соманы алу жөнінде Банк белгілеген нысанда Банкке жазбаша өтініш жіберуге тиіс. Соманы алу жөніндегі өтінімдер: (а) Алушы атынан Қаржы министрі немесе жазбаша түрде ол уәкілетті еткен тұлғаның қолы қойылған; және (ә) Банктің негізделген өтініші бойынша өтінімдерді қолдауды растауға тиіс. Қаржы алуға берілуін өтінімге қол қоятын уәкілетті тұлғаның қолының куәландырылған үлгілері оның қолы бар бірінші өтінімде берілуге тиіс. Грант қаражатын алуға берілген әрбір өтініш пен оны қолдауды растау Алушы қаражаттың осы сомасын алуға құқылы екендігіне, оның Іс-шаралар өткізуге пайдаланылатындығына Банкті сендіру үшін тиісті нысан бойынша жеткілікті болуға тиіс. Алушы алатын қаражатты Банк Гранттың шотынан тек Алушыға немесе оның өтінімі бойынша төлейді.

4.5. Грант Шотынан қаражат алу мыналарға арналған шығыстарды өтеу үшін шығыстар тізімдерінің негізінде жүргізілуін Банк талап ете алады: (а) құны 50 000 АҚШ долларынан арзан кеңесші фирмалар көрсететін қызметтер; (ә) құны 20 000 АҚШ долларынан арзан жеке кеңесшілер көрсететін қызметтер; және (б) тауарлар жеткізу; (в) оқыту және семинарлар; (г) операциялық шығыстар; сонымен бірге Алушыға Банктің жазбаша хабарында анықтаған шарттарға сәйкес жүйеге асырылады.

4.6. Гранттың қаражатын алу Грант валютасымен жүргізіледі. Банк Алушының өтініші бойынша және Алушының өкілі ретінде әрекет жасап, Гранттың Шотынан алынған валютаға Гранттың қаражатынан қаржыландырылатын шығыстарды өтеу үшін қажет валюталарды сатып алады. Егер осы Келісім-Хаттың мақсаттары үшін бір валютаның екінші валютаға қатысты құнын анықтау қажет болғанда, мұндай құнды Банк дәлелдеп айқындайды.

4.7. Іс-шаралардың орындалуын жеңілдету үшін Алушы коммерциялық банкте Банкті қанағаттандыратын шарттар мен ереже негізінде, күйзелуден, тәркілеуден немесе тыйым салудан тиісті қорғауды қоса алғанда АҚШ долларымен арнайы депозит шотын (Арнайы шот) аша алады және ұстай алады. Арнайы Шотқа салымдар салу және төлеу осы Қосымшаға II-толықтырудың ережелеріне сәйкес жүргізілуі тиіс.

5. Есептер және аудит

5.1. (а) Алушы жазулар мен есептерді қоса алғанда қаржылық басқару жүйесін жүргізетін немесе жүргізілуін уәждейтін болады және Банк үшін жарамды нысанда, бухгалтерлік есепке сәйкес Іс-шаралармен байланысты операцияларды, ресурстарды және шығыстарды барабар бейнелейтін ресми қаржылық есепті дайындайды.

(ә) Алушы: (1) әрбір қаржы жылында Банк үшін жарамды және тұрақты қолданылатын аудиторлық стандарттарға сәйкес жоғарыда (а) тармақшасында айтылған жазуларын, шоттары мен қаржылық есептерін, сондай-ақ Арнайы Шот

бойынша жазулары мен есептерін аудиттен өткізуге тиіс. Аудитті Банк үшін жарамды тәуелсіз аудиторлар өткізуге тиіс; (2) мүмкіндігі бойынша ең қысқа мерзім ішінде, алайда осындай әрбір жыл аяқталғаннан кейін 6 айдан кешіктірмей осы бөлімнің (а) тармағында көрсетілген, аудит өткізілетін (А) ресми қаржылық есептердің куәландырылған көшірмелерін жыл сайын және (Ә) осы есептер, жазулар мен шоттар бойынша қорытынды мен аталған аудиторлар өткізген осы аудит туралы есепті Банк талап еткен көлемде және толығымен; және (3) аталған жазулар мен есептерге және олардың аудитіне, сондай-ақ Банктің негізделген өтінішіне жауап ретінде, көрсетілген аудиторларға қатысты басқа ақпаратты уақыт өткен сайын Банкке беріп тұруға тиіс.

(б) Шығыс тізімдерінің негізінде Грант шотынан қаражат алу жүргізілген барлық шығыстар үшін Алушы: (1) жоғарыдағы (а) тармақшасына сәйкес мұндай шығыстарды көрсететін жазулар мен есептерді жүргізуге немесе жүргізілуін қамтамасыз етуге; (2) Гранттың шотынан соңғы қаражат алу жүргізілген қаржы жылының аудиторлық есебін, осы шығыстарды растайтын барлық жазуларды (келісім шарттарды, бұйрықтарды, шоттарды, чектер мен басқа құжаттарды) Банк алғаннан кейін ең кемінде бір жыл сақтауға; (3) Банк өкілдеріне осы жазуларды тексеруге мүмкіндік беруге; және (4) осы жазулар мен есептер жоғарыдағы (б) тармақшасында айтылған жыл сайынғы аудитке енгізілуін және мұндай аудиторлық есепте қаржы жылы ішінде ұсынылған шығыстар тізіміндегі мәліметтердің қаншалықты сенімді екендігіне қатысты аталған аудиторлардың жеке пікірі болуын, сондай-ақ оларды дайындау кезінде қаражатты алудың дұрыстығын растау үшін тәртіп пен ішкі бақылауды қамтамасыз етуге тиіс.

6. Тоқтата тұру және тоқтату

6.1. Егер мынадай оқиғалар болса және одан әрі жалғасатын болса: (а) Алушы осында жазылған кез келген міндеттемелердің бірін орындамаса; немесе (ә) Алушының немесе Қазақстан Республикасының кепілдігімен Банк қарыз берген кез келген басқа ұйымның қарыз туралы кез келген Банктік келісім немесе дамытуға арналған кредит туралы Халықаралық Даму қауымдастығымен кез-келген келісім бойынша қаражат алуға берілген құқығы тоқтатыла тұрса, Банк кез-келген уақытта Алушыны хабардар ете отырып, Гранттың шотынан Алушының ақша алу құқығын тоқтата алады.

6.2. (а) жоғарыдағы 6.1. параграфта жазылған себептер бойынша Алушының Гранттың Шотынан қаражат алу құқығы кез келген уақытта тоқтатылғанда; немесе (ә) Іс-шараларды орындау бойынша Банкті қанағаттандыратын әрекеттерді Алушы олардың нақты басталған күнінен кейін алты ай ішінде жасамағанда; немесе (б) егер Банкі Алушымен кеңескеннен кейін осы Жобаны қолдауды тоқтатқанда; немесе (в) егер Алушы Жобаны қаржыландыруда Банктен көмек сұрағаны туралы өз өтінішін қайтарып алса, Банк Алушыны жазбаша хабардар ете отырып, Гранттың Шотынан одан әрі қаражат алу құқығынан Алушыны айыра алады.

1 толықтыру

Сатып алу

I-бөлім. Консультанттардың қызметтер көрсетуі

A-бөлігі: Жалпы ережелер

Консультанттардың қызметтер көрсетуі 1997 жылғы қаңтарда Банк жариялаған және 1997 жылғы қыркүйекте, 1999 жылғы қаңтарда және 2002 жылғы мамырда қайта қаралған "Дүниежүзілік Банкі қарыз алушыларының консультанттарды іріктеуі мен жалдауы" Басшылықтың (Консультанттар жөніндегі басшылық) 1 және IV-бөлімінің ережелеріне сәйкес, сондай-ақ Консультанттар жөніндегі басшылыққа 1-қосымшаның 1-тармағына, Консультанттар жөніндегі басшылыққа 2-қосымшаның және осы бөлімнің келесі ережелеріне сәйкес сатып алынады.

Ә-бөлігі: Сапасы және құны бойынша іріктеу

1. Осы бөлімнің Б-бөлігіндегі өзге ережелерді қоспағанда, консультанттардың қызметтер көрсетуі сапа және құн бойынша консультанттарды іріктеу жағдайында қолданылатын Консультанттар жөніндегі басшылықтың II-Бөлімінің ережелеріне және Консультанттар жөніндегі Басшылықтың 3.13-3.18-тармақтарының ережелеріне сәйкес берілген келісім-шарт шеңберінде сатып алынады.

Б-бөлігі: Консультанттарды іріктеудің басқа рәсімдері

1. Сапа бойынша іріктеу

Қосымшаның 1.1 (в)-тармағының шеңберінде институционалдық даму жөніндегі құрауышты дайындау бойынша қызметтер көрсету Консультанттар жөніндегі басшылықтың 3.1-3.4-тармақтарының ережелеріне сәйкес берілген келісім-шарт шеңберінде сатып алынатын болады.

2. Құнның ең төмен мөлшер принципі бойынша іріктеу

Бағдарлы құны 200000 АҚШ долларын құрайтын, Қосымшаның 1.1 (г)-тармағының шеңберінде қаржылық аудит бойынша қызметтер көрсету Консультанттар жөніндегі басшылықтың 3.1 және 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес берілген келісім-шарт шеңберінде сатып алынатын болады.

3. Консультанттарды біліктілік негізінде іріктеу

Бір келісім-шартқа есептелінетін бағдарлы құны 100 000 АҚШ долларын құрайтын, Қосымшаның 1.1 (а)-тармағының шеңберінде ауылдық кредиттік желілер жөнінде құрауышты, 1.1 (ә)-тармағының шеңберінде шағын қаржыландыру жөнінде құрауышты және 1.1 (б)-тармағының шеңберінде консультация жөніндегі құрауышты дайындау бойынша қызметтер көрсету Консультанттар жөніндегі басшылықтың 3.1 және 3.7-тармақтарындағы ережелерге сәйкес берілетін келісім-шарт шеңберінде сатып алынатын болады.

4. Жеке консультанттар

Жеке консультанттардың қызметтер көрсетуі: (а) Қосымшаның 1.1 (б)-тармағының шеңберінде қаржылық басқару, 1.1 (г)-тармағының шеңберінде жобаны басқару,

әлеуметтік бағалау және қоршаған ортаны бағалау, жобаны дайындауда және аударуда көмек көрсету бойынша Консультанттар жөніндегі басшылықтың 5.1-5.3-тармақтарындағы ережелерге сәйкес берілетін келісім-шарт бойынша сатып алынады; және (ә) Қосымшаның 1.1 (г)-тармағының шеңберінде жобаның үйлестірушісі бойынша Банк тарапынан мақұлданған Консультанттар жөніндегі басшылықтың 5.3-5.4-тармақтарындағы ережелерге сәйкес жалғыз талапкер-фирмада таңдап алынуы мүмкін.

В-бөлігі: Консультанттарды іріктеуді Банк тарапынан қарау

1. Іріктеуді жоспарлау

Консультанттарға торгқа қатысуға қандай да бір шақыруларды жібергенге дейін Банктің қарауына және бекітуіне келісім-шарттың бағдарлы құнын, келісім-шарт пакеттерін және қолданылатын критерийді және іріктеудің рәсімдерін қосып іріктеудің жоспары ұсынылуы керек. Бұл жоспар Іс-шараларды жүзеге асырудың барлық мерзімдік бойына 6 айда бір рет нақтылануға тиіс және әр нақтыланған варианты Банкке қарауға және бекітуге жіберілуге тиіс. Барлық консультациялық қызметтер көрсетуді іріктеу Банк бекітетін осы жоспарға (мерзімді анықтауды ескеріп) сәйкес өтуге тиіс.

2. Алдын ала қарау

(а) Бағдарлы құны 50 000 АҚШ долларын немесе одан жоғарыны құрайтын консультациялық фирмаларды жалдауды көздейтін әрбір келісім-шартқа Консультанттар жөніндегі басшылыққа 1-қосымшадағы 2, 3 және 5-тармақтарында жазылған рәсімдер қолданылады.

(ә) Қызметтер көрсетудің бағдарлы құны 20 000 АҚШ долларын немесе одан жоғарыны құрайтын жеке консультанттарды жалдауды көздейтін және бір талапкер-фирманың таңдап алған консультанттың әрбір келісім-шартқа Банкке алдын ала қарауға және бекітуге кандидаттың біліктілігін және тәжірибесін салыстыру нәтижесі туралы, сондай-ақ техникалық тапсырма және консультанттарды жалдау шарттары туралы есеп беріледі. Келісім-шарт тек Банктің келісімін алғаннан кейін ғана беріледі. Мұндай келісім-шарттарға Консультанттар жөніндегі басшылыққа 1-қосымшадағы 3-тармақтың ережесі таратылады.

3. Келесі қарау

Осы бөлімнің 2-тармағында ережелермен реттелмейтін әрбір келісім-шарттарға Консультанттар жөніндегі басшылыққа 1-қосымшаның 4-тармағында жазылған рәсімдер таратылады.

II-бөлім. Тауарларды сатып алу

Тауарлар: (а) 1995 жылғы қаңтарда Банк жариялаған және 1996 жылғы қаңтарда және тамызда, 1997 жылғы қыркүйекте және 1999 жылғы қаңтарда қайта қаралған " ХҚДБ қарыздары және ХДҚ кредиттері бойынша сатып алу" Басшылықтың (Басшылық) 1-бөлімінің ережелеріне сәйкес, және (ә) Басшылықтың 3.5. және 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес еркін саудада сатып алу рәсімдерін пайдаланып берілген

келісім-шарт бойынша сатып алынады. Мұндай келісім-шарттарға Басшылыққа 1-қосымшаның 4-тармағында жазылған қарау рәсімдері осы тармақтағы "ұсыныстардың" деген сөз "бағалардың" деп оқылатын шартпен таратылады.

II-толықтыру

Арнайы шот

1. Осы толықтырулардағы мақсаттар үшін:

(а) "жарамды баптар" деген термин осы Келісім-Хатқа Қосымшаның 4.2-тармағындағы кестесінде көрсетілген баптарды білдіреді.

(ә) "жарамды шығыстар" деген термин іс-шаралар өткізу үшін қажетті және Гранттың қаражатынан қаржыландыруға жататын тауарлардың және қызметтер көрсетудің құнына негізделген төлемдердің шығыстарын білдіреді;

(б) "мақұлданған ақша аудару" деген термин Гранттың Шотынан алынып және осы Толықтырудың 3 (а)-тармағына сәйкес Арнайы шотқа салынуға тиіс 50 000 АҚШ долларына баламалы соманы білдіреді.

2. Төлемдер Арнайы шоттан осы Толықтырудың ережелеріне сәйкес жарамды шығыстарды қаржыландыру үшін жүргізіледі.

3. Банк Арнайы шоттың тиісті түрде ашылғандығы жөнінде растау құжаттарын алғаннан кейін, мақұлданған сомалар қаражатын алу және Арнайы шотты толықтыру үшін кейіннен алу мынадай түрде жүргізіледі:

(а) Алушы Банкке өтінім немесе мақұлданған сомалардың тұтас, бүтіндей мөлшерінен аспайтын сомаға немесе сомаларға Арнайы шотқа салуға өтінімдер жібереді. Осы өтінімнің немесе өтінімдердің негізінде Банк Алушының атынан Алушы сұрау салған соманы немесе сомаларды Гранттың Шотынан алып Арнайы шотқа с а л а д ы .

(ә) (1) Арнайы шотты толықтыру үшін Алушы Банк анықтайтын мерзімдікпен Банкке Арнайы шотқа қаражатты салуға өтінімдер жібереді.

(2) Осындай өтінімдерді беруге дейін немесе берумен бірге Алушы Арнайы шотты толықтыруға қаражат сұрауға байланысты төлем немесе төлемдерді жүзеге асыру үшін осы Толықтырудың 4-тармағына сәйкес қажетті құжаттамаларды және басқа да растаушы құжаттарды Банкке жібереді. Банк әрбір алынған өтінімдер негізінде Алушының атынан Алушы сұраған және жарамды шығыстарды төлеу үшін Арнайы шоттан төленген, аталған құжаттармен және басқа да расталған соманы Гранттың Шотынан алады және Арнайы шотқа салады. Осындай түрде салынған барлық қаражаттар жарамды баптар және жоғарыда көрсетілгендермен және өзге де құжаттармен расталған, тиісті баламалы сомалар аясында Банкпен Гранттың Шотынан а л ы н а д ы .

4. Арнайы шоттан Алушы жүргізген әрбір төлем жөнінде, Алушы Банк

талаптарының негіздемесі бойынша Банкке жарамды шығыстарды жабу үшін жүргізілген осы төлемді растайтын құжаттарды немесе басқа да дәлелдерді береді.

5. Осы Толықтырудың 3-тармағының ережелеріне қарамастан Банк Арнайы шотқа қосымша қаражаттар салуға міндетті емес:

(а) егер қандай-да бір кезеңде Банк алдағы уақытта Алушы барлық қаражатты тікелей Гранттың Шотынан алуға тиіс деп шешсе;

(ә) егер Алушы осы Келісім-Хатқа Қосымшаның 5.1 (ә)-тармағының (2) тармақшасында белгіленген мерзім ішінде Арнайы шотқа қатысты есептік құжаттар мен бухгалтерлік есептерді аудиторлық тексеріске байланысты көрсетілген тармаққа сәйкес Банкке ұсынылуға тиіс қандай да бір аудиторлық есепті Банкке ұсынбағанда;

(б) егер қандай да бір кезеңде Банк Алушыға осы Келісім-Хатқа Қосымшаның 6.1-тармағының ережелеріне сәйкес Алушының Грант Шотынан қаражатты алу құқығын толық немесе ішінара тоқтата тұру туралы өзінің ниетін хабардар еткенде; немесе

(в) Гранттың қаражатынан алынған жалпы сома аударулар екі еселенген мақұлданған ақша аударудың баламасымен теңескенде.

Бұдан кейін Гранттың жұмсалмай қалған сомаларын Гранттың Шотынан алу Банк Алушыға тиісті хабарламасымен анықтайтын рәсімдерді пайдаланумен жүргізіледі. Алдағы уақытта қаражатты мұндай алу мұндай хабарлама кезінде Арнайы шотта қалған барлық қаражаттар жарамды шығыстарды төлеу үшін пайдаланатындығына Банк қалай және қандай да бір дәрежеде нанғанда ғана жүргізіледі.

6. (а) Егер Банк қандай да бір кезеңде Арнайы шоттан қандай да бір төлем: (1) осы Толықтырудың 2-тармағына сәйкес жарамды болып табылмайтын шығыстарды немесе сомаларды жабу үшін жүргізілген деп шешсе; немесе (2) Банкке ұсынылған құжаттармен бекітілмесе, Алушы Банктен тиісті хабарламаны алғаннан кейін кешіктірмей: (А) Банк сұратқан қосымша растайтын құжаттарды беруге; немесе (Ә) Арнайы шотқа (немесе, Банктің өтініші бойынша Банкке қайтаруға) жарамды немесе расталмаған төлемнің немесе оның бір бөлігінің сомасына тең соманы енгізуі тиіс. Банкпен басқа шарттардың жоқтығынан Банк Алушы осындай растайтын құжаттарды ұсынуын немесе қаражатты енгізуін, немесе оның қайтаруын жүргізгенге дейін Арнайы шотқа ешқандай қосымша қаражат енгізбейді.

(ә) Егер Банк қандай да бір кезеңде Арнайы шотта қалған қандай да бір сома жарамды шығыстарды қаржыландыру есебінен одан әрі төлеуді жүзеге асыру үшін қажет етілмейді деп шешсе, Алушы Банктің тиісті хабарламасын алып, қалған соманы кешіктірмей Банкке қайтаруы тиіс.

Берілген мәтіннің ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармасы түпнұсқамен бірдей екенін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ауыл шаруашылығы вице-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК